

Идрышева Ж.Қ.  
**Қытайдың сыртқы саяси  
стратегиясындағы Орталық  
Азия**

Бұл мақалада Қытайдың сыртқы стратегиясындағы Орталық Азияның орны қарастырылған. Орталық Азия елдеріне қатысты Қытайдың сыртқы саясаты 2000 жылдардың басында ҚКП XVI съезімен жарияланған «көршілерді серіктеске айналдыру» концепциясына негізделеді. 2003 жылы бұл концепция «тату, қауіпсіз және бай көршілік» тезисімен толықтырылды. Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саясаты қалыптасқан жағдайға және геосаяси ортаға байланысты өзгеріп, бірнеше кезеңдерді бастан кешірді. Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси стратегиясын түсінуіміз үшін, біз Қытайдың аймаққа қатысты мүдделерін білуіміз қажет. Орталық Азия халықтарында және саяси элитасында «қытайлық экспансияға» қатысты қауіптер болғанымен, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикалық ынтымақтастық мәселелерінде Қытай Ресейге және Батысқа альтернатива ретінде қарастырылады. Осының барлығы Орталық Азиядағы қытайлық фактормен есептесу керектігінің дәлелі. Біз осы шындықпен бірге өмір сүруге үйренуіміз керек.

**Түйін сөздер:** Қытай, Орталық Азия, Қытайдың Орталық Азиядағы стратегиялық мүддесі.

Idrysheva Zh.K.  
**Central Asia in China's foreign  
strategy**

This article studies role of Central Asia in China's foreign strategy. Chinese policy towards Central Asia is based on Concept of «turning neighbors into partners» adopted in early 2000's at XVI Congress of CCP. In 2003 this concept was modified by thesis of «peaceful, secure and rich neighborhood». China's foreign policy towards Central Asia has changed due to current situation and geopolitical environment and has gone through several periods. In order to understand China's foreign policy strategy in Central Asia it is necessary to understand Chinese interests in the region. Despite fears of «Chinese expansion» widespread among population and political elites of Central Asian countries China is considered as an alternative to Russia and the West in issues of regional security and economic cooperation. All of this proves the necessity of taking into consideration the factor of China in Central Asia. We need to face the reality.

**Key words:** China, Central Asia, strategic inters of China in Central Asia.

Идрышева Ж.Қ.  
**Центральная Азия  
во внешней стратегии Китая**

В данной статье рассматривается место Центральной Азии во внешней стратегии Китая. Политика Китая по отношению к Центральной Азии основывается на концепции «превращения соседей в партнеров», принятой в начале 2000-х годов на XVI съезде КПК. В 2003 году эта концепция была дополнена тезисом о «мирном, безопасном и богатом соседстве». Внешняя политика Китая по отношению к Центральной Азии менялась в соответствии со сложившейся ситуацией и геополитической средой и перешла через несколько этапов. Чтобы понять внешнеполитическую стратегию Китая по отношению к Центральной Азии, необходимо понять интересы Китая в регионе. Несмотря на присутствие среди населения и политических элит стран Центральной Азии опасений по поводу «китайской экспансии», Китай рассматривается в отношении к России и Западу в вопросах обеспечения региональной безопасности и экономического сотрудничества. Все это подтверждает необходимость учитывать китайской фактор в Центральной Азии. Нам необходимо научиться жить с этой реальностью.

**Ключевые слова:** Китай, Центральная Азия, стратегический интерес Китая в Центральной Азии.

## **ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ СТРАТЕГИЯСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ**

КСРО ыдырап, оның орнына Орталық Азияда бес тәуелсіз мемлекет пайда болды. Қытай осы мемлекеттердің пайда болуынан бастап халықтардың өз таңдаған жолдарына құрметпен қарады. ҚХР пайда болған жаңа геосаяси жағдайды өз мүддесіне шешуге тырысты.

Орталық Азия елдеріне қатысты Қытайдың сыртқы саясаты 2000 жылдардың басында ҚКП XVI съезімен жарияланған «көршілерді серіктеске айналдыру» концепциясына негізделді. 2003 жылы бұл концепция «тату, қауіпсіз және бай көршілік» тезисімен толықтырылды. Бұл екі концепцияның мәні: Қытай күшті және бай елге айналып, өзін қоршаған мемлекеттердің тұрақты дамуына, қауіпсіздігіне және ауқаттылығының өсуіне ықпал ете алатын аймақтық саясат жүргізеді [1, с. 79-81]. Бұл – қытайлық дипломатияның негізгі үгіттік тезисі. Шынында, Қытай үшін әлсіз Орталық Азия әлдеқайда қауіптірек.

Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саясаты қалыптасқан жағдайға және геосаяси ортаға байланысты өзгеріп, бірнеше кезеңдерді бастан кешірді.

Бірінші кезең 1992-1995 жж. қамтиды, яғни КСРО-ның ыдырауы және оның орнында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуымен байланысты. Кезеңнің ерекшелігі: Қытай орнаған қолайлы жағдайды қолдана отырып, өзіне маңызды сыртқы саяси мәселелерді шешуге тырысады және аймаққа еніп, оның шикізаттық, ғылыми-техникалық және интеллектуалды ресурстарын Орталық Азиямен шектесіп жатқан аймақтардың, әсіресе, Шыңжаңның экономикалық даму мүддесіне қолдануға талпыныс жасады.

Екінші кезең 1996 жыл – 2000 жылдың бірінші жартысын қамтиды. Мұнда Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясатында өзгерістер орын алады. Егер КСРО-ның ыдырауынан кейін Қытайда Орталық Азияда басымдылық таныту иллюзиялары сақталған болса, 1990 жылдардың соңында оның орнына экономикалық есеп және айқын геосаяси мүдделер келді.

Үшінші кезеңді шартты түрде 2000 жылдың екінші жартысы – 2005 жылдың бірінші жартысы аралығында шектеуге болады. Бұл кезеңде ҚХР-дың аймаққа қатысты сыртқы саяси тенденциясы тағы да өзгеріске ұшырайды. Аймақта енді аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері алдыңғы орынға

шығады. Осы кезеңдегі Қытай сыртқы саясатының басты элементі аймаққа қытайлық капиталдың қатысуымен кәсіпорындар құру, Қытайдың қатысуымен түрлі инфрақұрылымдық жобалардың орындалуы, жеңілдіктері бар несиелер беру арқылы аймаққа экономикалық ену болды.

Төртінші кезең 2005 жылдың екінші жартысынан бастап қазіргі кезге дейінгі уақытты қамтиды. Қытайдың аймақтағы басымдылықтары өзгермегенімен бұл уақытты жеке кезең етіп көрсеткеніміз дұрыс. Оның ерекшелігі: алғашқыда Қазақстан-Қытай қатынастарының, 2012 жылдың маусымынан бастап Өзбек-Қытай қатынастарының, 2013 жылдың мамырынан бастап Тәжік-Қытай қатынастарының, ал 2013 жылдың қыркүйегінен бастап Түркмен-Қытай қатынастарының жаңа деңгей – стратегиялық серіктестік дейгейіне көтерілді. Екіншіден, аймақтың Қытайдың шикізат шылауына айналуы бекітілді. Үшіншіден, Қытайдың Орталық Азиядағы геосаяси ойыншылардың орнатқан мұнай-газ «ойынына» белсенді енуі. Төртіншіден, аймақ мемлекеттері экономикасына несиелерді көбейту және қытайлық компаниялар мұнай-газ саласындағы ірі жобаларды жүзеге асырды, ал соңғы кездері Орталық Азия елдерінің шикізаттық емес салаларында да белсенділік танытуда.

Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси стратегиясын түсінуіміз үшін, біз Қытайдың аймаққа қатысты мүдделерін білуіміз қажет. Отандық танымал ғалым К.Л. Сыроежкин өзінің еңбегінде осындай мүдделерге тоқталып өтеді. Мүдделердің бір бөлігі ұзақ мерзімді сипатта болса, басқа бөлігі тарихи жағдайға немесе ашылған мүмкіндіктерге байланысты қалыптасып отырды. Қытайдың аймақтағы мүдделеріне тоқталып өтсек.

Бірінші мүдде – шекаралар мәселесін шешу және Орталық Азиямен шектесіп жатқан аймақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Негізгі міндеттер: а) Қытайдың мүдделерін есепке ала отырып, аймақ мемлекеттерімен шекара мәселесін шешу; ә) Орталық Азиямен шекаралас аймақтарда және халқының басым бөлігі мұсылмандардан тұратын «мазасыз» ШҰАА-да пантюркизм, саяси ислам және этникалық сепаратизм идеология ықпалын шектеу; б) аймақтағы күштер теңдігін сақтау; в) аймақтық тұрақтылықты сақтау, себебі қытайлық сарапшылардың айтуынша, «аймақтағы кез-келген тұрақсыздық хаос болу қаупін тудырады және Қытайдың аймақтағы мүдделеріне зиянын тигізеді» [2, с. 77-79].

Екінші мүдде – «Қытайдың Орталық Азиядағы стратегиялық мүддесі» ретінде қаралатын ай-

мақтағы геосаяси теңдікті сақтау. Қытайлық ғалымдардың ойынша, «Қытайдың стратегиялық қажеттілігі және Орталық Азияның геосаяси ерекшелігі жағынан қарайтын болсақ, аймақ Қытайдың стратегиялық тылы болып қалу керек».

Негізгі міндеттер: а) Орталық Азияның бір державаның немесе мемлекеттер тобының доминантты бақылауында болып қалмайтынына кепіл бола алатын жағдайды қамтамасыз ету; ә) АҚШ-пен тікелей қақтығысқа түспей, тіпті онымен ынтымақтаса отырып, олардың аймақтағы ықпал ету деңгейін төмендететіндей орта құру; б) Ресейдің аймақтағы «бірінші скрипка» рөлі соның қолында деген иллюзиясын қолдай отырып, аймақ мемлекеттерімен экономикалық, саяси және әскери байланыстарды нығайту; в) аймақ мемлекеттері элитасы мен халқы арасында Қытайдың жағымды көрінісі мен сенімді экономикалық, саяси серіктес имиджін қалыптасыру.

Үшінші мүдде – аймақ мемлекеттерімен екіжақты негізде сауда-экономикалық байланыстарын кеңейту. Негізгі мақсат – аймақта өзінің «тірек базаларын» жасау және кең ортаазиялық нарықты игеру, сонымен қатар Қытайды, әсіресе елдің батыс аймақтарын дамыту үшін аймақтың материалды, техникалық, ғылыми, кадрлық және басқа да потенциалын қолдану.

Негізгі міндеттер: а) бастапқы кезеңде ШҰАА дамыту үшін Орталық Азия мемлекеттерінің ғылыми-техникалық, материалды және ресурстық потенциалын қолдану; ә) ШҰАА дамуына орталық бюджеттен қолдау көрсету, сыртқы сауданы жүзеге асыруда ШҰАА-на жеңілдік саясатын енгізу, Шыңжаңды аймақтық сыртқы-экономикалық, транспортты-логистикалық және болашақта қаржылық орталыққа айналдыру үшін ШҰАА саясатын Орталық Азия елдерімен сыртқы-экономикалық байланыстарға бағыттау; б) аймақ мемлекеттері аумағында қытайлық капиталдың қатысуымен кәсіпорындарды көптеп құру; в) ортаазиялық нарықты қытайлық тауарлармен жаулап алу (бастапқы кезеңде – баға факторы арқылы; қазір – альтернативаның жоқтығынан); г) шекаралас жерлерде еркін сауда аймақтарын құру, Қырғызстанды қытайлық тауарларды тиетін орынға айналдыру; түпкі мақсат – ШЫҰ шекарасында еркін сауда аймағын құру.

Төртінші мүдде – Каспий аймағындағы көмірсутек ресурстарына қолжетімділікті кеңейту және аймақтық мұнай-газ құбырларын Қытайға бағыттау.

Негізгі міндеттер: а) көмірсутек орындарын, мұнай-газ табатын компанияларды, сондай-ақ

мұнай және газды өңдейтін қуаттардың көп бөлігін сатып алу немесе ұзақ мерзімді жалға алу; ә) аймақтың көмірсутек ресурстарын Қытайды қанағат етерлік бағамен сатып алу (негізінен аймақ мемлекеттерінің экономикаларын несиелендіру және инфрақұрылымдарға ақша салу арқылы); б) Орталық Азиядан Қытайға көмірсутек шикізаттарын жеткізуге мүмкіндік беретін мұнай-газ құбырларын соғу; в) аймақ мемлекеттері мен осы жерде жұмыс жасайтын батыстық және ресейлік компаниялардың қайшылықтарынан өзіне пайда табу; аймақ мемлекеттері алдында Қытай сенімдірек және тиімдірек серіктес деген көріністі жасау; г) Ресеймен ресейлік көмірсутектерді Қытайға тасымалдау саласындағы ынтымақтастықты кеңейту: бұл – Ресей мен Қытай арасындағы Орталық Азияның көмірсутектік шикізаттары үшін бәсекелестіктің артып келе жатқан кезеңде өте маңызды шара.

Бесінші мүдде – Орталық Азияның транзиттік мүмкіндіктерін қытайлық тауарларды Еуропаға, Таяу және Орта Шығыс мемлекеттеріне құрлықпен жеткізу мақсатында қолдану.

Негізгі міндеттер: а) ШҰАА-ны аймақтық сыртқы экономикалық және транспортты-логистикалық орталыққа айналдыру мақсатында транспорттық және инфрақұрылымдық құрылыстарды жедел салу; ә) Орталық Азия аймағында транспорттық және инфрақұрылымдық жобаларға қытайлық капиталды белсенді қатыстыру; б) мемлекеттік деңгейде және дипломатиялық жолдармен Қытайдың мүдделерін қанағаттандыратын жобаларды лоббилеу.

Алтыншы мүдде – аймақ мемлекеттері экономикаларын кең көлемде несиелендіру және экономиканың шикізаттық емес саласында ынтымақтасу. Бұл бағыт 2007 – 2009 жылдары пайда болды. Бұл кезеңде Орталық Азия территориясындағы қытайлық қаражат салымдары миллиард доллармен санала бастап, Қытай аймақтың тек шикізаттық саласына ғана қызығушылық танытып қоймай, сондай-ақ бұл аймақта Қытай экономикасына да қызмет ететін өнеркәсіп орындарын салу басталды.

Жоғарыда айтылған мүдделерді жүзеге асыратын ең басты механизм Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы болуы қажет. Пекин бұл идеяны жасырмайды. Қытайлық мамандардың айтуынша, «ұзақ зерттеулер мен тиянақты дайындықтан кейін Пекиннің ортаазиялық стратегиясы анықталды. Ол – ШЫҰ-на сүйене отырып, аймақ мәселелерін шешуге белсене қатысу, оның мемлекеттерімен қатынастарды дамыту, олардың тұрақтылығы мен гүлденуіне

ықпалдасу, сонымен қатар Орталық Азияның ресурстарын игеруде шоғырланған өзінің стратегиялық мүдделерін жүзеге асыру. Сондықтан ҚХР өзінің ортаазиялық стратегиясын ШЫҰ шеңберінде құруы қажет, жағдайды нығайта отырып, әрекеттерінің механизмін жетілдіру, ұйымның аймақ мәселелерін шешудегі басты рөл ойнауы мақсатында функционалды кемшіліктерін жою жұмыстары күтіп тұр». Қазіргі таңда ШЫҰ-ның дамуы және ұйым қызметінің жандануы Қытайдың Орталық Азиядағы сыртқы саясатының маңызды және жеке бағыты ретінде қаралады.

Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының негізгі бағыты – аймаққа экономикалық ену. Бұл шара қытайлық несиелердің есебінен, міндетті қытайлық компаниялар және қытайлық жұмыс күшінің қатысуымен экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ екіжақты сауданы дамыту үшін жеңілдікті несиелер беру арқылы жүргізіліп отыр [2, с. 81-87].

Бұл бағытты Орталық Азияға «Қытайдың экономикалық экспансиясы» ретінде қарау дұрыс емес. Біріншіден, аймақтың көптеген елдерінде Қытайдың экономикалық үлесі айтарлықтай көп емес. Екіншіден, Қытай өз алдына аймақ мемлекеттерінде экономикалық басымдылыққа ие болу мақсатын қоймайды, оның басты мақсаты – аймаққа және аймақ арқылы қытайлық тауарларды өткізу, бұл ретте тауарлық экспансия туралы айту дұрыстау. Экономикалық жаһандану кезінде «экономикалық экспансия» ұғымы өзінің мағынасын жоғалтуда.

Қытайдың негізгі мүддесі – қытайлық тауарларды әлемдік нарыққа жылжыту. Орталық Азия, оның транзиттік мүмкіншіліктерімен, бұл міндетті жүзеге асыруда басты рөл ойнап, қытайлық тауарлардың Таяу және Орта Шығыс, Еуропа елдеріне тасымалын қамтамасыз етеді. Бір қиыншылық – транспорттық инфрақұрылым және логистиканың төмен деңгейде болуы, сондай-ақ кедендік және жолдағы тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласы алаңдатып отыр. Бұл мәселені ШЫҰ шеңберінде еркін сауда аймағын құру шешер еді, бірақ бұл идеяның жүзеге асуына Мәскеу қарсылығын білдірді.

Пекин Орталық Азия мемлекеттерімен қатынас орнатуда басты күшті екіжақты негізге бөлді, өз зейінін транспорт және логистика саласындағы ынтымақтастыққа аударды. Осыдан, Қытайдың аймақтағы транспортты-логистикалық инфрақұрылымның жасалуындағы белсенділігінің тым көптігі шығады.

Қытайдың белсенділігінің артуын Орталық Азиямен шекаралас жерлерде еркін сауда аймақтарын құруда байқауға болады. Қазіргі таңда осындай аймақтар Қырғызстанда «Иркештам» және «Торугарт» кедендік бекет аумағында, Тәжікстанда «Қарасу-Құлма» кедендік бекеті аумағында, Қазақстан шекарасындағы «Достық» және «Хоргос» кедендік бекеті аумағында жасалынды.

Аймақ мемлекеттеріне жасаған Си Цзиньпиннің сапары қорытындысы негізінде осымен Қытай тоқтамайды деген тұжырымға келуге болады. Жаңа басшымен ұсынылған концепция бойынша «Жібек жолында экономикалық белдеу» құру; Өзбекстан және Қырғызстанмен жасасқан құжаттардағы олардың территориясында Қытаймен еркін сауда аймақтарын құру шарты; ұлттық валюталарда есептесу тәжірибесін кеңейту – осының барлығы Қытай өзінің Орталық Азия аумағында еркін сауда зонасын құру идеясын дамытатынының дәлелі бола алады. Жақын болашақта Ресейдің қарсыласуына қарамастан бұл идея жүзеге асады.

Үшінші бағыт – аймақтың көмірсутек ресурстарын Қытайға тасымалдауды қамтамасыз етіп отыратын мұнай және газ құбырларын салу: Қытай үшін бұл құбырлармен жүргізілетін транзит көлемі ондай көп болмағанымен, геосаясат жағынан бұл жобалар аса маңызға ие.

Біріншіден, олардың болуы Қытайдың аймақтағы қатысуын қамтамасыз етеді. Екіншіден, бұл Қытайдың қолына Ресеймен оның мұнай және газ бағасын саудаласуда үлкен артықшылық береді. Ақырында, қытайлық инвестициялардың арқасында жүзеге асырылып жатқан жобаларды қоса алғанда, бұл Орталық Азия мемлекеттерінің көмірсутек шикізаттарын әлемдік бағадан біраз төмен бағамен алуға мүмкіндік беруде.

Бұл бағыттың Қытайдың ортаазиялық саясатындағы негізгілердің бірі екенін Си Цзиньпиннің аймақ мемлекеттеріне жасаған сапары растады. Сапардың Түркменстаннан басталғаны кездейсоқ емес. Онда Қытайдың жаңа басшысы түркмен газының ҚХР-ға тасымалдауын жылына 65 млрд. м. куб. дейін ұлғайту туралы келісім жасасты. Қазақстаннан жоспарланып отырылған газ тасымалын және Өзбекстаннан алынатын газдың көлемінің өсуін есепке алатын болсақ ортаазиялық газдың Қытайға транзиті көлемі жақын болашақта жылына 80 млрд. м. куб. жетеді.

Бұған «Орта Азия – Қытай» газ құбырының кеңеюі және төртінші «D» жолын салу келісімі дәлел. Бұл жол Өзбекстан, Тәжікстан, және Қырғызстанды өтіп, Қашғарға жететін болады. Жет-

кізілімнің басталу уақыты да, қытайлық инвестициялардың көлемі де белгісіз. Жоспарланып отырған газды тасымалдау көлемі – жылына 25 млрд. м. куб.

Төртінші бағыт – сауда. Егер Қытайдың Орталық Азиядағы «экономикалық экспансиясы» туралы белгілі бір шарттылықпен айтатын болсақ, «сауда экспансиясы» – орын алған факт. Өзбекстан және Түркменстанды алмағанда, аймақтың басқа мемлекеттерінде қытайлық сауда экспансиясына альтернатива жоқ. Қазақстан бұл «инде» бұрыннан, әрі мықты «отыр», Қырғызстан 2005 жылдың соңынан бастап, Тәжікстан 2007 жылдың соңынан бастап. Си Цзиньпиннің сапары барысында жасасқан келісімдерге сәйкес, бұл тізімді Өзбекстан да толықтыруы әбден мүмкін.

Және де қытайлық импорттың өсуі қытайлық ақша есебінен жүзеге асырылып отыр. Қытай несиелерді мәрт беруде. Осы несиелерге мемлекеттер қытайлық тауарларды сатып алуға міндетті. Осылайша, Қытай бір оқпен екі қоянды атуда. Біріншіден, оның әрдайым қаржылық «көмек» көрсетуге дайын әлемдік донор ретіндегі халықаралық имиджі жақсарайды. Екіншіден, қытайлық тауарлардың географиясы кеңеюде. Ақырында, алушы-мемлекет донор-мемлекетке осыдан шығатын барлық салдарлармен тәуелді болады.

Бесінші – аймақ мемлекеттеріне деген айқын көрінетін саясат әртүрлілігі. Әр мемлекет Қытайдың ортаазиялық саясатында өзіндік ерекше орнына ие. Аймақ мемлекеттерінің осы орындары туралы тоқталып кету, ҚХР-дың ортаазиялық саясатын толықтай түсінуге мүмкіндік береді.

Си Цзиньпиннің Қырғызстанға жасаған сапары нәтижесінде екі ел арасындағы қатынас «стратегиялық серіктестік» деңгейіне көтерілді. Си Цзиньпин мен Алмазбек Атамбаев қол қойған «Стратегиялық серіктестестік қатынасын орнату туралы Бірлескен декларацияда» «қытай-қырғыз ынтымақтастығының сауда-экономикалық саласы екі мемлекеттің стратегиялық серіктестігінің басты құрамдас бөлігінің біріне айналып, жаңа деңгейге көтерілуі керек», – деп айтылды. Келіссөздер барысында қытай-қырғыз қатынастарының басым аспектілерінің бірі Жібек жолында жаңа сауда зонасын құру екені жарияланды [3].

Екіншіден, Қырғызстан Қытайға Таяу және Орта Шығысқа, сондай-ақ Өзбекстан нарығына шығу үшін транзиттік мемлекет ретінде қызықты. Бұл қызығушылық Қырғызстанның транспорттық инфрақұрылымын дамыту үшін бағытталған қытайлық инвестициялармен ны-

ғайтылды. Қытайлық ақша есебінен Ош – Сары Таш – Иркештам және Бішкек – Торугарт көлік жолдары қайта жөндеуден өткізілді. Қытайдың бұл әрекеттерінде альтруистік сипат жоқ. Қырғызстанның дамымаған көліктік құрылымы бұл елді қытайлық тауарлардың тиейтін базасына айналдыру мәселесін шешуді қиындатар еді.

Қытайдың Қырғызстанда белсенділігін танытып жүрген үшінші бағыты – гидроэнергетика және кейбір минералдардың өндірісі. Қырғызстан Қытайға арзан электр энергия көзі және шикізаттық база ретінде қызықты. Сонымен қатар, Си Цзиньпиннің сапары барысында телекоммуникация және ауыл шаруашылығы саласында ынтымақтастыққа қызығушылық танытылып, Қытай провинциялары мен Қырғызстан облыстары арасындағы ынтымақтастықты дамыту ниеті айтылды.

Қытай үшін Тәжікстан да Қырғызстан секілді рөл ойнайды. «Стратегиялық серіктестік қатынастарын орнату жөніндегі Бірлескен декларацияның» мәтініне сүйенетін болсақ, серіктестік көліктік-логистикалық жобаларды дамытуға, кен орындарын игеру және өндіруге, инвестиция мен аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге негізделетін болады [4].

Көліктік және инфрақұрылымдық құрылыс саласында трансұлттық көлік және темір жолдарды салу жобасын жылдамдату, шекаралық бекеттерді салуды күшейту, азаматтық авиация саласында ынтымақтастықты кеңейту, өзара байланысты қолдау шаралары көзделіп отыр.

Табиғи және энергоресурстар саласында мұнай және газ орындарын барлау мен өндіру, электроэнергетиканың инфрақұрылымы мәселесін зерттеу, жел және күн энергиясы саласындағы ынтымақтастықты жан-жақты дамыту көзделіп отыр.

Ауыл шаруашылығы саласында агротехникадағы ынтымақтастықты жүзеге асыру, Тәжікстан аумағында Қытай-Тәжік үлгілі агротехникалық орталық пен ауылшаруашылық кластерін құруды тездету, Тәжікстанның азық-түлікті өндіру мүмкіндіктерін арттыру шаралары көзделіп отыр.

Қаржылық салада екіжақты саудағы және ынтымақтастықтың түрлі жобаларына қаржылық қолдау көрсету, сонымен қатар, Тәжікстанға инвестициялап жатқан қытайлық кәсіпорындарға қолдау көрсету, екіжақты саудада өзара есеп айырысуда ұлттық валюталарды қолдануды мадақтау көзделіп отыр.

Қауіпсіздік саласында саяси және заңды мекемелер арасында ынтымақтастықты нығайту,

«үш зұлымдық күштеріне» және есірткі қылмысына қарсы күресті күшейту, жаңа қауіп пен қатерлерге бірлесе қарсы тұру шаралары алға қойылды [5, С.254-255.].

Гуманитарлы салада тәжік студенттерінің Қытайда білім алуына қолдау көрсету, Тәжікстан Қытайдағы Конфуций Институнының құрылуын құптап отыр. Тіл және мәдениет күндерін өткізу секілді шараларды қамтитын бай және әртүрлі мәдени алмасулар дамып жатыр.

Түркменстан Қытайға газ тасымалдайтын база ретінде қызықты. Және де Қытайға тиімді бағамен. Газ саласындағы ынтымақтастық негізінде Түркменстан мен Қытай арасындағы стратегиялық серіктестік құрылуда және газдың игерілуіне, өндірілуіне, тасымалдануына қытайлық инвестициялардың көп бөлігі жұмсалуда. Қытайдан алынып келе жатқан қытайлық техника мен құралдар да осы салаға келуде [6].

Ынтымақтастықтың дәл осы саласына Түркменстанға сапары барысында Си Цзиньпин журналистер алдындағы сөзінде зейін аударды. Оның айтуынша, «табиғи газды өндіру және тасымалдау саласындағы өзара іс-қимыл стратегиялық және келешектік маңызға ие, сондай-ақ ұзақ мерзімге есептеліп, өзара тиімділік пен табыстылық жолындағы екі елдің өзара саяси сенімділігі мен бірін-бірі толықтыруының жоғарғы деңгейін көрсетеді». Ол «екі ел энергетикалық стратегияда бір-біріне ұзақ мерзімді, тұрақты және сенімді серіктес болуы керек, сонымен қатар екі халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында шикізаттық емес салада әрекеттестікті кеңейтуіміз қажет», – деп айта кетті.

Си Цзиньпин екіжақты қатынастардың болашағын қалай көретінін де айтып, алты ұсынысты алға қойды.

Біріншіден, екінші жақтың егемендігін, қауіпсіздігін, территориялық тұтастылығын және әлеуметтік-экономикалық дамуын қорғауға бағытталған әрекеттеріне қолдау көрсетіп отыру. Екіншіден, «Орта Азия – Қытай» газ құбырының «С» жолының құрылысын тездету, және барынша жақын уақытта «D» жолының құрылысын бастау. Үшіншіден, екіжақты сауда айналымының көлемі мен сапасын жақсарту, шикізаттық емес салалардағы ынтымақтастықты жандандыру, атап айтқанда, инфрақұрылымдық құрылыс, ауыл шаруашылығы, телекоммуникация, жоғарғы технологиялар, электроэнергетика, денсаулық сақтау салалары. Төртіншіден, мәдениет, білім беру және спорт салаларындағы байланыстар мен әрекеттестікті дамыту, студенттер арасындағы ұлтаралық байланыстарды нығайту,

осы және келесі жылы Қытай және Түркменстан аумағында екі елдің Мәдениет күндері шеңберінде жүргізілетін іс-шараларды ұйымдастыру қажет. Бесіншіден, құқықтық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы әрекеттестікті жандандыру, «үш зұлымдық күштеріне» қарсы күресте бірлесу, оның ішінде «Шығыс Түркістан» қозғалысына қарсы, трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресуді арттыру қажет. Алтыншыдан, аймақтық мәселелерді шешуде ұстанымдарды өзара келісу, Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін сыртқы күштердің араласуын бірлесе шектеу, Ауғанстандағы бейбіт үдерістерге қолдау көрсету [7, с. 127].

Өзбекстанмен «Стратегиялық серіктестік қатынастарын орнату жөніндегі Бірлескен декларация» И. Каримовтың 2012 жылдың маусымында Қытайға ресми сапар барысында жасалған болатын. Ынтымақтастықты өзбек газын барлау, өндіру және тасымалдау саласында дамыту ғана көзделмей, сонымен қатар, индустриалды салада, атап айтқанда, жоғарғы қосымша бағамен өнім өндіретін инновациялық және бірлескен кәсіпорындарды құру негізінде дамыту көзделіп отыр. И. Каримовтың сапары кезінде екі жақ жалпы құны 5,2 млрд. доллар құраған 40 сауда-экономикалық, инвестициялық-қаржылық келісімдер мен шарттар жасасты.

Си Цзиньпиннің сапары нәтижелірек болды. Өзбек БАҚ-да жарияланғандай, сапар барысында жалпы құны 15 млрд. доллар болатын жобаларды жүзеге асыру бойынша 31 құжатқа қол қойылған. Және де оның көп бөлігі Өзбекстан жерінде жаңа кәсіпорындарды салуға қатысты болды. Мысалы, Өзбекстанның қайта құру және даму қоры және Қытайдың мемлекеттік даму банкі арасында Басты инвестициялық жобаларды ортақ қаржыландыру жөнінде келісімге қол қойылып, жалпы құны 11,6 млрд. доллар болды. Жасалынған 14 келісім Қытайдан инвестициялар тарту арқылы бірлескен жоғарғы технологиялық өндіріс орындарын құрумен байланысты болды [8].

Сапар кезінде Си Цзиньпин Қытайдың Өзбекстанға қатысты саясатының басымдылықтарын айқындап, олар «Стратегиялық серіктестікті дамыту және тереңдету жөніндегі Бірлескен декларацияда» бекітілді.

Бірінші басымдылық ретінде 2017 жылға қарай екіжақты сауда айналымын 5 млрд. долларға дейін көбейту және тезірек Өзбек-Қытай еркін сауда аймағын құру туралы келіссөздерді бастау және өзара инвестицияларды көбейту шаралары

айтылды. Сондай-ақ, екі жақ қаржылық саладағы ынтымақтастықты тереңдету, 2011 жылы 19 сәуірді қол қойылған екіжақты сауданы ұлттық валюталарында есеп жасасуды қарастыратын қытайлық юань – өзбек сомы валюталық своп-келісімінің жүзеге асуын тездетуге келісті.

Екінші басымдылық – энергетикалық ынтымақтастықты кеңейту және Өзбек-Қытай газ құбырының ұзақ мерзімді, тұрақты және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету.

Үшінші басымдылық – өзара инфрақұрылымдық құрылысты қолдау және тез арада Қытай – Қырғызстан – Өзбекстан көлік және темір жолын салу жобасын жүзеге асыру.

Төртінші басымдылық – арнайы технологиялық парктерді және үлгілі ауылшаруашылықтық кластерлерді бірлесе салу; ұлттық валюталарда есеп айырысу тәжірибесін кеңейту және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты күшейту.

Бесінші басымдылық – халықтар арасында мәдени алмасуды қолдау, Мәдениет жылдарын өзара өткізу, Самарқандта Конфуций институтын ашу, аймақтар мен қалалар арасындағы достық байланыстарын орнатуды қолдау.

Қазақстан мен Қытай қатынастары стратегиялық серіктестік форматына 2005 жылдың ортасынан бастап көшкен болатын. Қазіргі таңда Қазақстан бұл мәртебемен мақтана алатын ортаазиялық жалғыз ел болмағанымен, біздің мемлекет Қытайдың аймақтағы басты сауда-экономикалық және саяси әріптесі болып қалды. Си Цзиньпиннің Қазақстанда қытайлық басшылықтың ортаазиялық саясатының басымдылықтарын айтқаны да осыған дәлел бола алады. Сонымен қатар, бұған СопосоPhillips бөлігін Қытайға сатуы, және 2020 жылға дейін Қазақстанға келуі керек қытайлық инвестициялардың көлемі де дәлел [9].

Си Цзиньпиннің сапары барысында жеті құжатқа қол қойылды. Оның екеуі Қашағанға қатысты болса, қалған бесеуі «Самұрық Қазына» мен СІТІС корпорациясының басшылығымен 2020 жылға дейін орындалуы тиіс жаңа инвестициялық жобаларды қамтыды. Инвестицияның жалпы көлемі 22 млрд. долларды құрайды [10].

Одан басқа, 2015 жылға таман екіжақты сауда айналымы көлемін қазіргі 26 млрд. доллардан 40 млрд. долларға дейін жеткізу ниеті расталды. Сапар барысындағы шарттар және жүзеге асырылатын жобалардың тиімділігі туралы ешнәрсе айтылмағандықтан, ненің арқасында сауда айналымы 2 жылда 1,5 есеге өсетіні белгісіз болып қалды.

Экономикалық келісімдерден өзара инвестицияларды қолдау және кеңейту және ұлттық валюталарда есеп айырысу үшін жағдай жасау туралы шарттарды айтуға болады. Бірақ бұл сыртқы саудада доллардан түпкілікті кетуді білдірмесе де өзара есеп айырысу үдерісін айтарлықтай жеңілдетеді.

Траншекаралық көлік және темір жолдарының құрылысын тездетуге, сондай-ақ байланыс және ақпараттық технологиялар саласында ынтымақтастықты қолдау туралы шешімдер қабылданды.

Ауыл шаруашылығы саласында таңдаулы тұқымдарды тарату, қайта өңделген өнімді сату, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тасымалдау, лабораториялық және санитарлық бақылау секілді шараларды қамтыған келісім жасалынды. Бірлескен декларацияда айтылғандай, екі жақ «Бақты – Бахты» кедендік бекетіндегі ауыл шаруашылық өнімдері үшін «жасыл коридор» құрылысы тездетіледі.

Сонымен қатар, «ҚХР және Қазақстан Республикасының көрші аймақтары арасындағы ынтымақтастық бағдарламасын» жасауды тездету шешімі қабылданды.

Соңғы екі бағыт тиімдірек көрінгенімен, оны жүзеге асыру қиындықтарға ұшырау мүмкін. Ол қиыншылықтар «национал-патриоттардың» ҚХР-мен ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастыққа қатысты ұстанатын позициясына байланысты. Бірақ, Шыңжаңмен ынтымақтастықты дамытып жатқан Шығыс Қазақстанның тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұл қазақ-қытай қатынастары тиімді әрі пайдалы.

Егер Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері қатынастарын қорытындылайтын болсақ, Қытайдың ортаазиялық саясатының келесі сәттіліктері көрінеді.

Біріншіден, Орталық Азиядағы экономикалық позицияларының арқасында Пекин аймаққа экономикалық ықпалын кеңейтуде инициативаны өз қолына алуға мүмкіндікке ие болып, оны сәтті жүзеге асырды. 2000-жылдардың өзінде ҚХР-дың Орталық Азия мемлекеттерімен жүргізген сауда операциясының көлемі 25 есеге өсті. Қытайдың тауарлық «инесіне» 2008 жылдың өзінде аймақтың барлық мемлекеттері «отырды».

Екіншіден, Қытай Орталық Азия мемлекеттерінің мұнай-газ секторында берік орналасып алды. Бұл тек Қазақстанға ғана қатысты емес, сондай-ақ Өзбекстан және Түркменстанға да қатысты. Қытайдың энергоресурстарға деген дефицитінің өсуін есепке алсақ, мұнай-газ саласындағы қытайлық фактор өсе береді. Және де

Қытай аймақ көмірсутегін өзіне тиімді бағамен сатып алып қана қоймай, осы жағдайды Ресеймен баға саудасында қолданады.

Үшіншіден, Орталық Азияда Қытайдың қатысуымен қытайлық тауарлардың аймақ нарығымен қатар, Ресей, Таяу Шығыс, Еуропаға жеткізілуін қамтамасыз ететін көліктік-логистикалық желі жасалынды. Осымен бірге, Орталық Азияның көмірсутегін Қытайға жеткізілуін қамтамасыз ететін желі құрылды.

Төртіншіден, Қытайдың ШЫҰ-на қатысты саясатының жандануы және аймақ мемлекеттерінің армияларына әскери жабдықтарды жеткізу тәжірибесі әскери-техникалық мәселелерде Қытайдың Ресейден жаман емес серіктес бола алатынын көрсетті.

Орталық Азия халықтарында және саяси элитасында «қытайлық экспансияға» қатысты қауіптер болғанымен, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикалық ынтымақтастық мәселелерінде Қытай Ресейге және Батысқа альтернатива ретінде қарастырылады. Осының барлығы Орталық Азиядағы Қытайлық фактормен есептесу керектігінің дәлелі. Біз осы шындықпен бірге өмір сүруге үйренуіміз керек.

Жоғарыда пайымдалған, ҚХР-дың сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастарының алпыс бес жылдық тәжірибесі, олардың алғашқы кездегі «бір жағына шығу», «әлемдік революция дипломатиясынан» қазіргі таңдағы «үйлесімді әлем құруға» өзгеруінің тарихи эволюциясын айқын көре аламыз. Бұл эволюциялық үдеріс Қытайдың ішкі ахуалы мен халықаралық жағдайға байланысты, әсіресе, Қытай басшыларының жетекші идеясы мен көзқарас-танымдарына байланысты қабылданған саясатпен жүргізілген. Сондықтан одан айқын тарихи дәуірлік ерекшеліктерді де аңғаруға болады.

Ал даму бағытында жаңа ғасырдағы Қытай басшысы Ху Цзиньтаоның дәріптеген: «адамды негіз етіп даму», «ғылыми даму көзқарасын қалыптастыру», «үйлесімді әлем құру» және «үйлесімді қоғам құру» сынды концепциялары стратегиялық дамудың басты бағыты болып белгіленді. «Үйлесімді әлем құру» идеясының утопияға толы болуына қарамастан, ол адамзаттың аңсаған арманы ретінде халықаралық қатынастарда Қытайды жағымды жағынан көрсететіні сөзсіз.

Қазіргі таңда Қытай өзін қанша жерден дамушы елміз деп уағыздағанымен, әлем оларды супер держава қатарына санайды. Ал Қытай болса: «халықаралық бейбіт ортаны пайдаланып, өзімізді дамытамыз, өзімізді дамыту арқылы әлем



бейбітшілігін қорғаймыз», – деген ұстанымда, әлемнің түпкір-түпкіріндегі елдермен дипломатиялық стратегиясын жүзеге асырып келеді.

Қытай халықаралық аренада өзінің қуаттылығын арттыруда. Қазіргі таңда ел БҰҰ-ның ең үлкен доноры, Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі, БРИКС, ШЫҰ, Дүниежүзілік сауда

ұйымының белді мүшесі және еуразиялық интеграцияның қозғаушысы. Әлемнің әр бесінші адамы қытайлық және әлемнің кез келген түпкірінде «Made in China» жазуы бар тауарларды таба аламыз. Қытай біздің аймаққа және бүкіл әлемге ұзақ уақытқа келді. Бұл шындықтан біз ешқайда қаша алмаймыз.

### Әдебиеттер

- 1 Мұқаметханұлы Н., Кәрібжанов Ж. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 254 б.
- 2 Сыроежкин К.Л. Интересы Китая в Центральной Азии/ Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений. – Астана – Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2014. – 432 с.
- 3 Совместная Декларация Китайской Народной Республики и Киргизской Республики об установлении отношений стратегического партнерства // <http://www.kabar.kg/politics/full/62534>, 11 сентября 2013 г.
- 4 Совместная Декларация Китайской Народной Республики и Республики Таджикистан об установлении отношений стратегического партнерства // <http://russian.people.com.cn/31521/8251299.html>, 21 мая 2013 года
- 5 Сыроежкин К.Л. Проблемы современного Китая и безопасность в Центральной Азии. – Алматы: КИСИ, при Президенте РК, 2006. – 299 с.
- 6 Совместная Декларация об установлении отношений стратегического партнерства между Туркменистаном и Китайской Народной Республикой // <http://www.infoabad.com/novosti-turkmenistana/sovmejnaja-deklaracija-ob-ustanovlenii-otnoshenii-strategicheskogo-partnerstva-mezhdu-turkmenistanom-i-kitaiskoi-narodnoi-respublikoi.html> 4 сентября 2013 г.
- 7 Токаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы: GAUHAR, 2002.
- 8 Совместная Декларация Китайской Народной Республики и Республики Узбекистан об установлении отношений стратегического партнерства // <http://www.press-service.uz/ru/news/1240/> 6 июня, 2012 г.
- 9 Совместная декларация Китайской Народной Республики и Республики Казахстан об установлении и развитии стратегического партнерства // <http://ru.china-embassy.org/rus/xwtd/t202659.htm> 4 июля 2005 г.
- 10 Конырова К. В тандеме с Поднебесной. // Казахстанская правда, 8 сентября 2013 г.

### References

- 1 Mukametkhanuly N., Karibzhanov Zh. Kytaidyn syrtyky sayasaty zhane Kazakstanmen katynasy (2000-2010 zhyllydar). -Almaty: Kazak Universiteti, 2013. -254b.
- 2 Syroezhkin K.L. Interesy Kitaya v Tsentralnoi Azii/ Nuzhno li Kazakhstanu boyatsya Kitaya: mify i fobii dvustoronnikh otnoshenii. -Astana-Almaty: IMEP pri Fonde Pervogo Prezidenta, 2014. -432s
- 3 Sovmejnaya Deklaratsiya Kitaiskoi Narodnoi Respubliki i Kirgizskoi Respubliki ob ustanovlenii otnoshenii strategicheskogo partnerstva // <http://www.kabar.kg/politics/full/62534>, 11 сентября 2013 г.
- 4 Sovmejnaya Deklaratsiya Kitaiskoi Narodnoi Respubliki i Respubliki Tadjhikistan ob ustanovlenii otnoshenii strategicheskogo partnerstva // <http://russian.people.com.cn/31521/8251299.html>, 21 мая 2013 года
- 5 Syroezhkin K.L. Problemy sovremennogo Kitaya i bezopasnost v Tsentralnoi Azii. -Almaty: KISI, pri Prezidente RK, 2006. -299s.
- 6 Sovmejnaya Deklaratsiya ob ustanovlenii otnoshenii strategicheskogo partnerstva mezhdru Turkmenistanom i Kitaiskoi Narodnoi Respublikoi // [http://www.infoabad.com/novosti-turkmenistana/sovmejnaja-deklaracija-ob-ustanovlenii-otnoshenii-strategicheskogo-partnerstva-mezhdru-turkmenistanom-i-kitaiskoi-narodnoi-respublikoi.html](http://www.infoabad.com/novosti-turkmenistana/sovmejnaja-deklaracija-ob-ustanovlenii-otnoshenii-strategicheskogo-partnerstva-mezhdu-turkmenistanom-i-kitaiskoi-narodnoi-respublikoi.html) 4 сентября 2013 г.
- 7 Tokaev K. Kazakstan Respublikasynyn diplomatiyasi. Almaty: GAUHAR, 2002.
- 8 Sovmejnaya Deklaratsiya Kitaiskoi Narodnoi Respubliki i Respubliki Uzbekistan ob ustanovlenii otnoshenii strategicheskogo partnerstva // <http://www.press-service.uz/ru/news/1240/> 6 июня, 2012 г.
- 9 Sovmejnaya Deklaratsiya Kitaiskoi Narodnoi Respubliki i Respubliki Kazakhstan ob ustanovlenii i razvitii strategicheskogo partnerstva // <http://ru.china-embassy.org/rus/xwtd/t202659.htm> 4 июля 2005 г.
- 10 Konyrova K. V tandeme s Podnebesnoi. // Kazakhstanskaya Pravda, 8 sentyabrya 2013g.